

Жабықбаева Динара Маратовнаның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мәңгілік ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АНДАТПАСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Мемлекет өміріндегі әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістер адамның және жалпы қоғамның қоғамдық санасының рухани жаңғыруының күрделі процестеріне белгілі бір із қалдырады. Бұл оқу-тәрбие процесінің білім парадигмасы мен озық ғылыми жаңалықтарды игерумен ғана шектеліп қалмай, саяси-идеологиялық қоғамдық сананы жаңғыртуға, сонымен қатар белгілі бір тарихи кезеңдегі бүкіл мемлекеттік жүйенің өзін-өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі дамытуға әкелетін күрделі процесс. Себебі, мәдени-рухани мұраның құндылық құрамдас бөлігін, ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, әртүрлі ақпараттардың өзгеру жиілігі мен жылдамдығы және оны білім беру кеңістігінде пайдалану мүмкіндігі – жас ұрпақтың ұлттық болмысының өзегі болмақ. Сондықтан Тұңғыш Президентіміз айтқандай: «...ұлттық мұрат жолындағы тәуелсіз елде Отанын сүйетін, Отанға адал қызмет ететін абзал азаматтар ұлттық салт-дәстүрді сақтауға ұмтылуы керек».

Өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары екендігін атап өтті. «Біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды, - дейді Н.Ә.Назарбаев, - мұның бәрі де, жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімдікті туындатады»

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасында рухани бірлік пен ұрпақтар сабақтастығы, оның ұлттық болмысына негізделген заманауи талаптарға сай жаңа сананы қалыптастырудың өзекті мәселелері жөнінде Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстандық патриотизм бар және болашақтың өркениетті құрылысының шарты болуға тиіс» - деген.

Сондай-ақ, кез келген халықтың коды (тілі, ділі, тарихы, ұлттық мұраларындағы рухани құндылықтары, ұлттық дәстүрлері) мәдени құндылықтарды сақтай отырып, қазіргі сыртқы және ішкі сын-қатерлерге тұрақты және салмақты жауап берудің кілті болып табылады. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, ол жойылады», - деді Тұңғыш Президент. Тек лайықты тарих, ата-бабаларымыздың даңқты істерін еске алу ғана болашақтың қиындықтарын еңсеруге көмектеседі.

2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясын білдірді. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының

мәні – қазақстандықтардың бірегей тарихи мақсатты, болашақ дамуға бағытталған ұлттық және мемлекеттік мүдделерді басшылыққа алуында. Ұсынылып отырған ұлттық идея қазақ халқының сан ғасырлық тарихына және халықтың ұлттық болмысы мен салт-дәстүріне, әдет-ғұрпы мен рухани мұрасына негізделген сананы жаңғыртуға негізделген.

Сондықтан да, еліміздің білім беру ұйымдарындағы қазақстандық жастардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жалпыұлттық идея мен «Мәңгілік ел» патриоттық актісін ел болашағының негізінде жатқан және жүйедегі жаңа дүниетанымдық тұжырымдама ретінде қабылдау және жүзеге асыру - жалпы азаматтық құндылықтар.

Патриоттық тәрбиенің бастауы Бумын, Білге Естемі, Күлтегін, Тоныкөк қаған мәдени (жылнамалық) ескерткіштерінде жатыр. Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, т.б. мәдени мұралардағы жеткіншек ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру тәрбиенің ең маңызды мәселесі болып табылады. Қазіргі Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің сан алуан аспектілері философтардың, тарихшылардың, педагогтардың, психологтардың, социологтардың, мәдениеттанушы ғалымдардың Қ.Бержанов, А.Н.Ілиясова, Р.Н. Көшенова, Қ.Қ. Құнантаева, А.Әлімбеков, Т.Ш. Қуанышев, Ұ.Л. Майназаров, А.С. Мағауова, А.А. Қалыбекова, т.б еңбектерінде қарастырылды. Сонымен, жас студенттерге патриоттық тәрбие берудің этнопедагогикалық аспектілері С.А. Ұзақбаева, Қ.Ж. Қожахметова, Қ.Н. Меңлібаева, С.Т. Иманбаева, Г.Т. Хайрулина, Р.К. Төлеубекова, А.Н. Көшербаева, Р.А. Жаңабаева және т.б. зерттеулерінде анықталған. Патриоттық тәрбие мәселелері орыс педагогтары мен ғалымдары А.П.Кабаченко, Л.В.Метелица, Г.П.Лебедев, Л.Ф.Спирин, П.В.Конаныхин, Е.В.Коваленко, М.М.Яценко және т.б еңбектерінде де кеңінен қарастырылған.

Дегенмен, педагогикалық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, арнайы зерттеулерді талдау нәтижелері бүгінгі таңда арнайы және таңдаулы педагогикалық пәндерді оқытуда студенттердің патриоттық сезімін қалыптастыру әдістемесіне жеткіліксіз көңіл бөлінетінін көрсетеді. Патриоттық тәрбиенің мәселелері мен сұрақтары одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Олай болса, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің міндетті деңгейіне қойылатын талаптар мен болашақ мамандарды Отанды сүю, оны қорғау, нығайту сияқты ұғымдарды тәрбиелеудің қалыптасқан тәжірибесі арасында кейбір сәйкессіздіктер бар. Демек, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде студенттердің патриоттық сезімін қалыптастыру деңгейіне қойылатын заманауи талаптар мен оларды жүзеге асырудың дәлелді педагогикалық шарттары мен әдістерінің жоқтығы арасында да қайшылық бар. Сондықтан бұл қайшылықты ғылыми негізде шешу – біздің зерттеуіміздің міндеті. Осыған орай, осы мәселенің теориялық және практикалық маңыздылығын ескере отырып, біз зерттеу тақырыбымызды: «Мәңгілік ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері», деп таңдадық.

Зерттеудің мақсаты – мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытуды теориялық тұрғыда негіздеп, педагогикалық шарттарын анықтап, моделін ұсыну арқылы әдістемелік ұсыныс жасау.

Зерттеу нысанасы – жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын және колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерінің оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясындағы азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы - егер, мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасын арнайы енгізу арқылы оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытуға мүмкіндік берсе, *онда* оқушы жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық сезім мен түсініктерін қоғамдық сана болмысы тұрғысынан дамытуда мемлекеттік идеологияның бағдарлығы мен мазмұнының тиімділігі жүзеге асырылады. **Өйткені** бұл 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарға ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістегі азаматтық пен патриоттық тәрбие бағытында білім мазмұнын толықтырып, олардың білік, іскерлік және дағдыларын дамыта отырып, оқу және өмірлік жағдаяттарда өздерінің мемлекетке, қоғамға, ұлтқа деген жауапкершілігін арттыра отырып, «Мәңгілік Ел» идеологиясына қайшы келетін түрлі қиындықтарды шешудегі іс-әрекет тәсілдерін меңгеру жолындағы бағдарлылық кешені болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

- жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің мәнін, құрылымын, міндеттерін анықтау. Оқу-тәрбие процесінде оқушылар мен студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін ашу;
- оқу процесінде оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;
- арнайы және элективті педагогикалық пәндерді оқытуда жоғары сынып оқушылары мен студенттердің патриоттық сезімдерін қалыптастыру әдістемесін жасау және эксперименталды тексеру.

Зерттеудің негізгі идеясы – болашақ мамандардың патриоттық сезімін қалыптастыруға негіз болатын жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған оқу-тәрбие процесі.

Әдіснамалық және теориялық негізі – тұлға теориясы; когнитивтік теория; тұлғалық әрекет – әрекет теориясы; оқу-тәрбие процесінің тұжырымдамалық негіздері; студенттер мен жастарды тәрбиелеудің

тұжырымдамалық ережелері; патриоттық және азаматтық тәрбиенің мәні туралы философиялық және психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасы.

Зерттеудің дерек көздері: – философтардың, педагогтардың, психологтардың ғылыми еңбектері, әр дәуірдегі ойшылдар мен ғалымдардың, педагогика классиктерінің патриоттық тәрбие туралы пікірлері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің директивалық және нормативтік құжаттары, жоғары оқу орындары қызметінің үлгілік ережелері; МЖМБС; Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің патриоттық тәрбие мәселелері, патриоттық акт «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы туралы жолдауларының материалдары; жастарға патриоттық және азаматтық тәрбие беру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибе.

Зерттеу әдістері – зерттеу мәселелері бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттерге теориялық талдау жасау; жоғары оқу орындарының озық тәжірибесін жинақтау, талдау және жалпылау; арнайы социологиялық-зерттеу сауалнамасы, әңгімелесу, диагностикалық бақылау; оқу орындарының құжаттарын қарау және талдау; эксперименттік жұмыс; зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау әдістері.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерінің азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуда пайдалануға болады.

Оқу-тәрбие процесінде студенттердің патриоттық сезімін қалыптастыруға байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен қорытындыларды тек арнайы және таңдаулы педагогикалық пәндерді оқытуда ғана емес, басқа курстарды оқытуда тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда да пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін адамгершілікке тәрбиелеудің мәні, құрылымы және міндеттері;

- жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеу мүмкіндіктері;

- оқу процесінде оқушылар мен студенттердің патриоттық сезімдерін дамытудың тиімділігінің педагогикалық шарттары;

- арнайы және элективті педагогикалық пәндерді оқытуда оқушылар мен студенттердің азаматтық-патриоттық сезімдерін дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің мәні, құрылымы мен міндеттері айқындалды;

- оқу-тәрбие үрдісінде патриоттық және азаматтық тәрбие берудің мүмкіндіктері ашылды;

- оқу процесінде азаматтық-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды;

- арнайы элективті педагогикалық пәндерді оқытуда студенттердің бойында патриоттық сезімді қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, тәжірибеде сыналған.

Зерттеу жүргізілетін тірек оқу орыны – Талдықорған қаласының №18 Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектеп, № 19 М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептері мен **КЕАҚ** І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» Зерттеу кезеңдері – зерттеу үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2017-2018 жж.) - зерттеу мәселесі, мақсаты мен міндеттері анықталды, зерттеудің ғылыми аппараты жасалды; отандық және шетелдік іргелі зерттеулерге талдау жасалды; қатысты материалдар сұрыпталып, жинақталды; ғылыми мақалалар дайындалды және жарияланды; оқушылар мен студенттерге азаматтық-патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктері айқындалды.

Екінші кезеңде (2018-2019 жж.) - оқу-тәрбие процесінде оқушылар мен студенттердің патриоттық сезімін қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды; болашақ мамандардың бойында отансүйгіштік сезімдерін дамытудың әдіс-тәсілдері тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әзірленіп, тексерілді.

Үшінші кезеңде (2019-2020 жж.) - ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін бағалау анықталды; қорытындылар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалады; эксперименттік жұмыстардың нәтижелері талданды; өңделді, құрылымы бойынша жүйеленді; диссертация талаптарға сай дайындалды.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және іс – тәжірибеге енгізу:

Зерттеу жұмысының нәтижелері мақалаларда жарияланды, баяндамалар «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КеАҚ ғылыми-әдістемелік семинарларында, республикалық және халықаралық конференцияларда және ғылыми тағылымдамадан өту кезінде Әулие Климент Охридский атындағы София университетінде семинарларда жасалды (София, Болгария).

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 11 ғылыми басылымда жарияланды. Оның ішінде 2 – Scopus библиографиялық және реферативті деректер базасына енгізілген журналдарда, 3 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспа басылымдарында, 2 – шетелдік рецензияланған журналдарда, 4 - халықаралық және республикалық конференциялар материалдарында.

1. Teachers' views on the level of cultural heritage that can be improved through innovative technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues, Volume 13, Issue 4, (2021)1073 -1087 p.

2. Patriotic upbringing as a defining factor of Personality formation // Opción,: ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385, No.89, Año 35, (2019) 756-772 p.
3. Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік ел» как фактор становления национального самосознания // Международный научный журнал «НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА», №1 (74), Астана, 2019. – С. 208-213.
4. Қазақстандық патриотизмнің жанаша дамуы // Международный научный журнал «НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА», №1 (74), Астана, 2019. – С. 21-26.
5. Халықтық тәлім-тәрбиелік мұралар арқылы жастарға азаматтық тәрбие беру // Вестник КазНПУ им. Абая, №4(60), Алматы, 2018. – С. 304-310.
6. Роль субъектов образовательного процесса при построении образовательной траектории обучения в вузе в контексте модернизации общественного сознания // Сборник международной научной конференции «Взаимодействие на преподавателя и студента в условия на университетского образование: Теории, технологии, управление», Трета книга, Болгария 2019. –С. 65-70.
7. Гражданская идентичность молодежи в контексте модернизации общественного сознания казахстанцев // Materials of the IV International Scientific –Practical Conference «Membership in the WTO: Prospects of Scientific Researchers and International Technology Market», Volume II, Vancouver, Canada, 2019. –С. 116-127.
8. Мәңгілік ел» идеясы негізінде жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықты қалыптастыру // Материалы Международной научно-практической конференции «Инновационной потенциал науки и образования Казахстана в условиях современных вызовов и глобализации общества», г. Талдықорған, 2016. –С.
9. Халық мұрасы-ұлттық тәрбиенің өзегі // Материалы Международной научно-практической конференции «Приоритеты современной науки: от теории к практике», посвященная 45-летию юбилею Жетysуского государственного университета имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, 2017. -С. 386-389.
10. Халық мұрасы арқылы ұлттық тәрбие берудің андрагогикалық аспектілері // Сборник международного научного семинара «Андрагогическое образование в XXI веке: проблемы и пути решения», ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, 2018. –С. 97-102.
11. Национальная идея «Мәңгілік ел» как вектор развития казахстанского общества // «Жансүгіров тағылымы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Талдықорған қ., 2017. –С.90-92.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы – диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде тақырыпты зерттеудің өзектілігі, тақырыбы, мақсаты, болжамы, міндеттері басшылық идеялары теориялық және әдіснамалық

негіздері дерекөздері, әдістері, зерттеудің негізгі кезеңдері мен негіздері, қорғауға шығатын қағидаттар, ғылыми жаңалықтар, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің шынайылығы қамтылған.

«Мәңгілік ел» идеясы негізінде қазақстандық жастарды тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде – жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері, патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері айқындалды.

«Мәңгілік ел» идеясы негізінде қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың жолдары» деп аталатын екінші бөлімінде – қазақстандық жастардың патриоттық-азаматтық тәрбиесін дамыту бойынша эксперимент нәтижелерін қамтиды; оқу процесінде студенттер мен тәрбиеленушілердің патриоттық сезімін дамытудың негізделген педагогикалық шарттары мен әдістері анықталған.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдар жасалып, ғылыми ұсыныстар берілді.